

**Оңалтушы және конкурстық басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін, тағайындау және шеттету қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 637 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 12 қаңтарда № 7374 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2014 № 189 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Қ о л д а н у ш ы л а п                    н а з а р ы н а !**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы «Банкроттық туралы» Заңының 10-2-бабының 24-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Оңалтушы және конкурстық басқарушылардың, сырттай байқау әкімшісінің, тағайындау және шеттету қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті (Н.Д.Үсенова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

**3 .                    М ы н а                    б ұ й ы р ы қ т а р д ы ң :**

1) «Сырттай байқау әкімшісін, оңалтушы басқарушыны тағайындау және шеттету, сондай-ақ конкурстық басқарушыны тағайындау және шеттету, есепке алу және тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 12 тамыздағы № 396 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5292 болып тіркелген, 2008 жылғы 10 қазанда № 155 (1555) «Заң газеті» газетінде жарияланған);

2) «Сырттай байқау әкімшісін, оңалтушы басқарушыны тағайындау және шеттету, сондай-ақ конкурстық басқарушыны тағайындау және шеттету, есепке алу және тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 12 тамыздағы № 396 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 167 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6220 болып тіркелген, 2010 жылғы 19 мамырда № № 192-194 (

26040) «Егемен Қазақстан» және 2010 жылғы 22 мамырда № 128 (26189) «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2012 жылы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>Б. Жәмішев</i>		
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы		
Қ а р ж ы	м и н и с т р і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 5	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№	6 3 7	б ұ й р ы ғ ы м е н	
бекітілген			

## **Оңалтушы және конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау және шеттету қағидасы**

Осы Оңалтушы және конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау және шеттету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – Комитеттің аумақтық бөлімшелері) оңалтушы және конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау және шеттету тәртібін белгілейді және оңалту, конкурстық іс жүргізу және сырттай байқау рәсімдеріне (банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының банкроттығын қоспағанда) қолданылады.

Осы Қағида мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу өткізу қорытындылары бойынша конкурстық басқарушыларды тағайындаған жағдайларға қолданылмайды.

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Оңалтушы және конкурстық басқарушылар, сырттай байқау әкімшілері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде (бұдан әрі – Комитет) оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшілерінің қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғалардың арасынан тағайындалады. Тіркелген тұлғалар туралы мәліметтер Бірыңғай тізілімге қалыптастырылады, ол Комитеттің [www.salyk.gov.kz](http://www.salyk.gov.kz) интернет-ресурсында (бұдан әрі – Комитеттің интернет-ресурсы)

о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Комитеттің аумақтық бөлімшелері Бірыңғай тізілімде көрсетілген қызметті жүзеге асыру орны бойынша аумақтық қағидатты сақтай отырып, Бірыңғай тізілімінде тіркелген тұлғалардың арасынан тиісінше осы Қағиданың 1-3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша оңалтушы басқарушыларын тағайындау тізілімін, конкурстық басқарушыларды тағайындау тізілімін, сырттай байқау әкімшіліктерін тағайындау тізілімін (бұдан әрі - Тізілім), жасайды және ж е к е жү р г і з е д і .

3. Тиісті Тізілімге оңалтушы және конкурстық басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін тіркеу және тіркеуден алып тастау туралы әрбір жазбаны енгізген жағдайдан кейін, сондай-ақ әрбір тағайындау және шеттету, босату жағдайлары кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Тіркелген күннен кейінгі күні тіркелген тұлға туралы мәліметтер тиісті Тізілімнің соңына енгізіледі.

4. Комитеттің аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1570 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Құжаттама жасау қағидалары) сәйкес Тізілімге енгізілетін мәліметтердің толықтығына, дұрыстығына және уақтылығына, сондай-ақ оның сақталуына және Тізілімнің мұрағатын жүргізуге жауапты қызметкерді тағайындайтын бұйрық шығарады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау Комитеттің аумақтық бөлімшесінде тіркеудің есепке алу нысанында Құжаттамалау ережесіне сәйкес сот актілерін есепке тіркеудің кезектілігіне с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## **2. Оңалтушы және конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау тәртібі**

6. Конкурстық басқарушы, сырттай байқау әкімшісі ретінде тағайындауды Комитеттің аумақтық бөлімшесі тиісті Тізілімге сәйкес кезектілік тәртібінде жүзеге асырады.

Комитеттің аумақтық бөлімшесі кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтушы басқарушы етіп тағайындайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Конкурстық басқарушыны сырттай байқау әкімшісі ретінде тағайындалған күн, ол туралы мәліметтер Тізілімнің соңына көшіріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Оңалтушы және конкурстық басқарушы, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген адамды Заңның 9-бабының 11-тармағында көзделген негіздемелер бойынша тағайындау мүмкін болмайтын жағдайда, Комитеттің аумақтық бөлімшесі оны тағайындауды жүргізбейді, Тізілімге тиісті өзгерістер енгізілмейді.

9. Оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы, борышкер мүлкінің меншік иесін, құрылтайшыларын (қатысушыларын) борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттету туралы сот ұйғарымы, борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі, сырттай байқауды енгізу туралы сот ұйғарымы күшіне енгеннен кейін, сондай-ақ оңалтушы басқарушыны шеттеткен кезде кредиторлар жиналысы хаттамасын ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде, оңалтушы, конкурстық басқарушыларды және сырттай байқау әкімшісін тағайындау тиісінше осы Қағиданың 4-6-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшесінің бұйрығымен жүргізіледі, оған Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы не оның орнын басатын тұлға қол қояды және мөртаңбамен расталады.

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны, сырттай байқау әкімшісін тағайындау туралы бұйрық шығарылған күні Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Комитеттің интернет-ресурсында оңалтушы және конкурстық басқарушы, сырттай байқау әкімшісі ретінде тұлғаны тағайындау туралы бұйрық орналастырылған сәттен бастап, тұлға өзінің өкілеттігін орындауға кіріскен болып есептеледі.

Бұйрық екі данада шығарылады, оның біреуі шығарылған күні оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушы және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелуге өтініште көрсетілген пошталық

мекенжай бойынша хабарландыруы бар тапсырыс хатпен жіберіледі, не өтініш берушінің келісімімен электрондық поштаның (E-mail) мекенжайына жіберіледі не бұйрықтың екінші данасына алғаны туралы қол қоюымен қолма-қол тапсырылады.

Бұйрықтың екінші данасы Комитеттің аумақтық бөлімшесінде сақталады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 3 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **3. Сырттай байқау әкімшісін, оңалтушы және конкурстық басқарушыларды шеттетуге тәртібі**

10. Комитеттің аумақтық бөлімшелері оңалтушы және конкурстық басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін жүктеген өкілеттіктерін орындаудан мынадай :

1) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірген олардың Заңда белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша анықталған ;

2) өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылуы не қаза болған деп жариялануы; оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі салдарынан мүмкін болмаған ;

3) тіркелу кезінде олардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

4) өзі тағайындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде кредиторлар комитетімен келісім жасамаған не кредиторлар комитетімен жасалған келісім бұзылған жағдайларда дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетуге тиіс .

10-1. Сот оңалту рәсімін тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарған сәттен бастап оңалтушы басқарушы борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетіледі .

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

10-2. Оңалту рәсімі барысында осы Қағиданың 10 және 10-1-тармақтарында көрсетілген жағдайлар анықталған кезде Комитеттің аумақтық бөлімшесі ол туралы кредиторларды хабардар етеді.

Кредиторлар жиналысы уәкілетті органда тіркелген тұлғалар арасынан

оңалтушы басқарушының кандидатурасын үш жұмыс күн ішінде Комитеттің аумақтық бөлімшесіне ұсынады.

Комитеттің аумақтық бөлімшесі кредиторлармен кандидатура ұсынылғаннан кейін бес жұмыс күн ішінде оңалтушы басқарушыны тағайындайды.

**Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

11. Осы Қағиданың 10-тармағының 1-тармақшасында көзделген негіздер бойынша оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан бір жыл ішінде бірнеше рет шеттету және (немесе) осы Ережесінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттету оларды барлық борышкерлерге қатысты көзделген өкілеттіктерді орындаудан бір мезгілде шеттетуге әкеп с о ғ а д ы .

12. Оңалтушы және конкурстық басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі Комитеттің аумақтық бөлімшесінің бұйрығымен жүктелген өкілеттіктерін орындаудан шеттетіледі (босатылады).

13. Конкурстық басқарушы, сырттай байқау әкімшісі жүктелген өкілеттіктерін орындаудан шеттетілген немесе босатылған жағдайда, олар туралы мәліметтер тиісті Тізілімнің соңына енгізіледі.

Оңалтушы, конкурстық басқарушыларды және сырттай байқау әкімшілерін шеттету туралы бұйрық қабылданған күні Комитеттің интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 3 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

14. Оңалтушы және конкурстық басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі жүктелген өкілеттіктерін орындаудан шеттетілген немесе босатылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей (бар болған кезде) борышкердің құрылтайшы, қаржы және оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, қоса алғанда барлық құжаттарын, барлық мүліктерін (активтерін), сондай-ақ борышкердің мөртаңбасын қайта тағайындалған оңалтушы және конкурстық басқарушыларға, сырттай байқау әкімшісіне немесе борышкердің басшысына борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану, банкрот деп тану, сырттай байқауды енгізу туралы сот актілері жойылған кезде беруге міндетті.

15. Тиісті қызметті жүзеге асыратын оңалтушы және конкурстық басқарушылар, сырттай байқау әкімшілері туралы мәліметтер осы Қағиданы қолданысқа енгізгенге дейін қандай тәртіпте болса, солай тиісті Тізілімге



к о ш і р і л е д і .

Оңалту, конкурстық іс жүргізу және сырттай байқау рәсімінде жұмыспен қамтылмаған тұлғалар туралы мәліметтер тиісті Тізілімнің соңына көшіріледі.

Осы Қағида күшіне енгенге дейін өз іс-әрекетін тоқтатқан тұлғалар туралы мәліметтер тоқтату мерзімі біткеннен кейін сәйкесінше Тізілімне қосылады.

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау  
және шеттету қағидасына  
1-қосымша  
Нысан

**\_\_\_\_\_ оңалтушы басқарушыны тағайындау тізілімі  
(күні)**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№ р/с	Оңалтушы басқарушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Оңалтушы басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Заңды тұлғаның (борышкердің) атауы	Заңды тұлғаның (борышкердің) бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	Оңалту жоспарын бекіту туралы (борышкер мүлкінің меншік иесінің, құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкі мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы) ұйғарымның/кредиторлар жиналысы хаттамасының күні және нөмірі	Тағайындау туралы бұйрықтың күні	Еск
1	2	3	4	5	6	7	8

Тізілімді жасаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау  
және шеттету қағидасына  
2-қосымша  
Нысан

**\_\_\_\_\_ конкурстық басқарушыларды тағайындау тізілімі  
(күні)**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р /с	Конкурстық басқарушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Конкурстық басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Борышкердің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)	Борышкерді банкрот деп тану туралы шешімнің күні, нөмірі	Тағайындау туралы бұйрықтың күні	Еск
1	2	3	4	5	6	7	8

Тізілімді жасаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау  
және шеттету қағидасына

3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ **сырттай байқау әкімшісін тағайындау тізілімі**  
**(күні)**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р /с	Сырттай байқау әкімшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Сырттай байқау әкімшісінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Борышкердің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Борышкердің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)	Сырттай байқау рәсімін енгізу туралы істі қозғау туралы ұйғарымның күні, нөмірі	Тағайындау туралы бұйрықтың күні	Еск
1	2	3	4	5	6	7	8

Тізілімді жасаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау  
және шеттету қағидасына

4-қосымша

Нысан

**Оңалтушы басқарушыны тағайындау туралы бұйрық**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес және \_\_\_\_\_ оңалту жоспарын бекіту туралы ( б о р ы ш к е р д і ң а т а у ы ) (борышкер мүлкінің меншік иесінің, құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкі мен істерін басқару құқығының күшін жою туралы) \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) \_\_\_\_\_ сотының 201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ ұйғарымының/кредиторлар жиналысы хаттамасының \_\_\_\_\_ негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. \_\_\_\_\_ оңалтушы басқарушысы болып (борышкердің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН))

\_\_\_\_\_ тағайындалсын.  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес оңалтушы басқарушының міндеттерін атқару \_\_\_\_\_ жүктелсін.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

3. Оңалтушы басқарушысы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын \_\_\_\_\_ қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), лауазымы)

жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің облыс,  
Астана және Алматы қаласы  
бойынша аумақтық бөлімшесінің  
басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау  
және шеттету қағидасына

5-қосымша

Нысан

**Конкурстық басқарушыны тағайындау туралы бұйрық**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес және \_\_\_\_\_ банкрот деп тану туралы \_\_\_\_\_ (борышкердің атауы)

\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) сотының 201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімінің негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. \_\_\_\_\_ конкурстық басқарушысы (борышкердің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) болып \_\_\_\_\_ тағайындалсын.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы банкроттық туралы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) заңнамасының талаптарына сәйкес конкурстық басқарушының міндеттерін а т қ а р у .

3. Конкурстық басқарушы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын \_\_\_\_\_ қамтамасыз \_\_\_\_\_ етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), лауазымы

жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің облыс,  
Астана және Алматы қаласы  
бойынша аумақтық бөлімшесінің  
басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Оңалтушы және конкурстық басқарушыны,  
сырттай байқау әкімшісін тағайындау және  
шеттету қағидасына

6-қосымша

Нысан

**Сырттай байқау әкімшісін тағайындау туралы бұйрық**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.01.2014 № 3 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес және \_\_\_\_\_ қатысты сырттай байқау рәсімін енгізу туралы \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) \_\_\_\_\_ сотының 201 \_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімінің негізінде, (борышкердің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. \_\_\_\_\_ сырттай байқау әкімшісі болып (борышкердің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) \_\_\_\_\_ тағайындалсын.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы банкроттық \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) туралы заңнамасының талаптарына сәйкес сырттай байқау әкімшісінің м і н д е т т е р і н \_\_\_\_\_ а т қ а р у .

3. Сырттай байқау әкімшісі \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын \_\_\_\_\_ қамтамасыз \_\_\_\_\_ етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), лауазымы) жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің облыс,  
Астана және Алматы қаласы  
бойынша аумақтық бөлімшесінің  
басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)